

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан  
Республикасы арасындағы консулдық

К Е Л І С І М

Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі,

екі мемлекет арасындағы консулдық қатынастарды дамыту мақсатымен,

Осы консулдық Келісімді жасауға уағдаласты және мына төменгілер жайында келісті.

I БӨЛІМ

Айқындамалар

I - бап

Осы Келісімде төмендегі келтірілген терминдер мынандай мағынаға ие:

1/ "Консулдық мекеме" - бас консулдық, консулдық, вице-консулдық және консулдық агенттік;

2/ "Консулдық округ" - консулдық мекемеге консулдық қызметін атқару үшін бөлінген консул қызмет ететін мемлекеттің ауданы;

3/ "Консулдық мекеменің жетекшісі" - консулдық мекемені басқаруға тағайындалған мемлекет өкілеттік берген адам;

4/ "Консулдық лауазымды кісі" - консулдық мекеменің жетекшісін қоса есептегенде консулдық қызмет атқару тапсырылған адам;

5/ "Консулдық мекеменің жай қызметкері" - консулдық мекемеде әкімшілік және техникалық, басқа да қызмет көрсету міндеттерін атқаратын адам;

6/ "Консулдық мекеменің жауапты қызметкері" - консулдық мекеменің қызметкері және консулдық лауазымды адам;

7/ "Жики үй қызметкері" - консулдық мекеменің қызметкерлеріне жеке қызмет көрсету үшін жалдаған адам;

8/ "Консулдық ғимарат" - кімнің меншігі болуына қарамай, консулдық пайдалануға арнайы берілген үйлер немесе үйлердің бөлігі және жер учаскесі;

9/ "Консулдық мұражай" - консулдық мекеменің іс-қағаздары, құжаттары, кодтары, қаріпжазбалары, реестрлері, техникалық аппарату-

ралары, сондай-ақ оларды сақтау мен қорғауға арналған құрал-жабдықтар;

I0/ "Тағайындаған елдің азаматы" - консулды тағайындаған елдің азаматы, ол жеке заңдылыққа ие болып табылады;

II/ "Тағайындаған елдің кемесі" - әскери кемелерден басқа тағайындаған елдің заңына сәйкес сол елдің туының астында жүзетін кеме;

I2/ "Тағайындаған елдің әуе кемесі" - әскери ұшатын аппараттардан басқа, тағайындаған елде тіркелген, сол елдің белгілері бар әуе кемесі;

## II БӨЛІМ

Консулдық мекемелерді ашу және консулдық мекемелердің қызметкерлерін тағайындау

### 2 - бап

Консулдық мекемелерді ашу

I/ Консул тағайындайтын мемлекет консулдық мекемені консул қызмет етуге баратын мемлекеттің рұқсатымен ғана аша алады.

2/ Консулдық мекеменің тұрағы, оның класы және консулдық өкілдігі, сондай-ақ осыларға байланысты басқа да өзгерістер консул тағайындайтын мемлекет пен ол қызмет ететін мемлекеттің арасындағы келісім бойынша айқындалады.

### 3 - бап

Консулдық мекеменің жетекшісін тағайындау және оны тану

I. Консулдық мекеменің жетекшісін тағайындағанға дейін жіберетін мемлекет ол қызмет етуге баратын мемлекеттің қолдауын тауып, оның кандидатурасын консулдық мекеменің жетекшісі ретінде танытынына көз жеткізуге тиіс.

Консул қызмет етуге баратын мемлекет оны танымайтын болса, бұл шешім дәлелдеуді қажет етпейді.

2. Келісімін алғаннан кейін консул тағайындайтын мемлекет консул қызмет ететін мемлекетке дипломатиялық каналдар арқылы консулдық мекеменің басшысын тағайындағаны жөнінде патент немесе нота жіберуге тиіс. Патент немесе нотада консулдық мекеменің жетекшісінің толық аты, тегі, дипломатиялық рангі, консулдық мекеменің тұрағы, оның класы, округі көрсетіледі.

3. Патент немесе нотаны алғаннан соң консул қызметке баратын мемлекет қысқа мерзім ішінде консулдық мекеменің жетекшісіне экзекватура беріп, нота арқылы оның қызметке кірісе беруін мәлімдейді.

4. Консулдық мекеменің жетекшісінің өзі қызметке баратын елдің жазбаша түрде құптау қағазын алғаннан кейін, өз қызметіне кірісуіне болады. Мұндай құптау қағаз алғанша ол өз міндетін сол мемлекеттің рұқсатымен уақытша атқарады.

5. Консул қызмет етуге баратын мемлекет оның тағайындалғанын құптап немесе өз міндетін уақытша атқаруға рұқсат еткен соң ол сол консулдық округтің құзырлы органдарына хабар беріп, консулдың өз міндетін жүзеге асыруына, берілген хұқтары мен артықшылықтары және иммунитеттерін пайдалануына ықпал етіп, жан-жақты шаралар қабылдауға тиіс.

#### 4 - бап

##### Консулдық мекеме жетекшісінің қызметін уақытша атқару

1. Егер консул қандай да бір себептермен өз міндетін атқара алмайтын әйтпесе бұл қызмет бос тұрған жағдайда консулды тағайындаған ел өз дипломатиялық өкілдігінің қызметкеріне, осы консулдыңтың консулдық қызметіндегі болмаса басқа консулдықтағы қызметкеріне консулдың міндетін уақытша тапсыра алады; оның тегі мен бұрынғы атқарған қызметі жайлы консул қызмет ететін елдің Сыртқы істер министрлігіне алдын-ала хабарланады.

2. Консулдың қызметіне уақытша тағайындалған адам осы Келісім бойынша консулдарға берілетін хұқтар, артықшылықтар және жеңілдіктермен пайдалана алады.

3. Консулдар мекемеге уақытша жетекші болып тағайындалған

дипломатиялық персоналдың мүшесі өзінің статусына сәйкес берілген дипломатиялық артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

#### 5 - бап

##### Консулдық мекеменің қызметкерлерінің келуі және кетуі жайлы хабарлау

I. Тағайындалған мемлекет консул қызмет етуге баратын жердің құзырлы мемлекет орындарына жазбаша түрде мыналарды баяндайды:

1/ консулдық мекеме қызметкерлерінің толық аты-жөні, тегі және рангтері, олардың келу күні мен біржола қайту мерзімі, сондай-ақ консулдық мекемеде қызмет атқарған кезде қызмет бабында болған өзгерістер туралы;

2/ консулдық мекеме қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің және жеке үй қызметшілерінің келу күні мен қайту мерзімі, сондай-ақ олардың статусының өзгеруі туралы.

2. Консул қызмет етуге келген мемлекеттің құзырлы өкімет орындары консулдық мекеменің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне тиісті куәлік береді.

#### 6 - бап

##### Консулдық лауазымды қызметкерлердің азаматтығы туралы

Консулдық лауазымды адам өзін тағайындаған елдің азаматы болуға тиіс. Оның өзі қызмет ететін елде тұрақты тұруына болмайды.

#### 7 - бап

##### Экзекватураның күшін жою және консулды тануды тоқтату

I. Консул қызмет етуге келген ел өзінің шешімін дәлелдеп жатпай-ақ консулды тағайындаған мемлекетке дипломатиялық каналдар арқылы әлдебір консулдық лауазымды қызметкердің " " екенін немесе оның басқа да себептермен жарамайтыны туралы кез келген уақытта мәлімдеуіне болады. Бұл жағдайда консулды тағайындаған мемлекет оны кері шақыруға тиіс.

Егер консулды тағайындаған мемлекет белгілі мерзім ішінде бұл шартты орындамаған болса, консул қызмет ететін мемлекет ондай адамның экзекватурасының күшін жойып, оны танудан бас тартуы мүмкін.

2. Консулдық қызметке тағайындалған адамды ол қызмет етуге баратын мемлекеттің келіп үлгермей жатып-ақ әйтпесе қызметіне кіріскеннен кейін де жаратпауы мүмкін. Бұл жағдайда оны тағайындаған мемлекет өз құжатын бұзып, оның тағайындалуын жоққа шығарады.

### III БӨЛІМ

#### Консулдың міндеттері

##### 8 - бап

#### Консулдық лауазымды қызметкердің міндеттері

Консулдық лауазымды қызметкердің міндеттері:

1/ өзін тағайындаған мемлекеттің азаматтарының хұқы мен мүдделерін қорғайды, оларға көмектеседі;

2/ өзін тағайындаған мемлекетпен қызмет етуге келген мемлекет арасында сауда, экономикалық, мәдени, спорттық, ғылыми-техникалық, туристік және басқа салалардағы байланыстарын дамыту;

3/ заңды жолменен өзі қызметке келген елдің саяси, сауда, экономикалық, мәдени, спорттық, ғылыми-техникалық және басқа салалардағы жағдайын зерттеп біліп, өзін тағайындаған мемлекетке хабарлау;

4/ өзі қызмет ететін елдің заңдарына қайшы келмейтін және ол қарсы болмайтын жағдайда өзін тағайындаған мемлекет тапсырған басқа да қызметтерді атқару.

##### 9 - бап

#### Консулдық азаматтық мәселесі және азаматтық хал-актілерін тіркеу жөніндегі міндеттері

I. Консулдық лауазымды қызметкердің мынандай хұқтары бар:

I/ өзін тағайындаған мемлекеттің заңдарына сәйкес азаматтық мәселелері жөніндегі өтініштерді қабылдайды;

2/ өзін тағайындаған елдің азаматтарының есебін алады;

3/ өзі қызмет ететін елдің заңдарына қайшы келмеген жағдайда өзін тағайындаған мемлекеттің заңдарына сәйкес азаматтарының туылуы және қайтыс болуын тіркеп, тиісті куәліктер береді;

4/ консулдар өз елінің азаматы мен азаматшасының некесін тіркеп куәлік береді. Алайда бұл іс-қимыл олар қызмет етуге келген елдің заңдарына қайшы келмеуге тиіс.

2. Осы баптың I тармағының ережелері өзара тиімді байланыстағы адамдарды консул қызмет етіп жатқан елдің тиісті заңдарын орындаудан босатпайды.

## IO - бап

### Паспорттар және визалар беру

Консулдық лауазымды қызметкер паспорт беруге, оны ұзартуға немесе күшін жоюға, келу- кету, транзиттік және басқа визалар беріп, оларға өзгерістер енгізуге хұқылы.

## II - бап

### Нотариалдық куәландыру және растау

I. Консулдық лауазымды қызметкердің өзін тағайындаған мемлекеттің заңдары мен ережелеріне сәйкес мынадай хұқылары бар:

1/ кез келген адамның өтініші бойынша, оның азаматтығына қарамай, өзін тағайындаған мемлекетте пайдалануы үшін әр түрлі құжаттар беру;

2/ өзін тағайындаған мемлекеттің азаматтарының өтініштері бойынша, оларға өзі қызмет ететін елде пайдалануы үшін әр түрлі құжаттар беру;

3/ өзін тағайындаған елдің және өзі қызмет ететін елдің құжаттарын ресми тілге аударып, оның текстің куәландыру;

4/ өзін тағайындаған мемлекеттің немесе өзі қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындары берген құжаттарды растау;

5/ өзін тағайындаған елдің азаматтарының өсиет хаттарын жазу, куәландыру және сақтауға қабылдау;

6/ өз елінің азаматтарының арасындағы алыс-беріс келісімдерді, егер олар консул қызмет ететін елдің заңдарына қайшы келмейтін және алып кетуге болмайтын мүлікке қатысты болса, оларды толтыру

және куәландыру; өз елінің азаматтарының өз елінің азаматтары мен өзі қызмет ететін елдің азаматтары арасындағы алыс-беріс келісімдерді, егер бұл келісімдер консулды тағайындаған елдің территориясындағы мүдделерге немесе консулды тағайындаған елдің территориясында атқарылатын істердің мүдделеріне байланысты және консулды тағайындаған елдің заңдарына қайшы келмейтін болса, онда оларды толтыру және куәландыру;

7/ өзін тағайындаған елдің азаматтарының әр түрлі құжаттарға қойған қолдарын растау;

8/ өзін тағайындаған елдің азаматтарының мүліктері мен құжаттарын сақтауға қабылдау. Бұл консул қызмет ететін елдің заңына қайшы келмейді.

2. Осы баптың I тармағына сәйкес консулдық лауазымды адам толтырған, куәландырған және аударған құжаттар ол қызмет ететін мемлекетке заңды күші бар құжаттар болып есептеледі.

Егер консул қызмет ететін елдің заңдарына сәйкес құжаттарды растау қажет болатын болса, құжаттар расталады.

## 12 - бап

### Консулдың өзін тағайындаған мемлекеттің азаматтарымен қарым-қатынасы

1. Консулдық лауазымды адам өзінің консулдық округінде өзіне өкілеттік берген мемлекеттің кез-келген адамымен жолығып, қатыса алады. Мұндай адамдарға қажетті жағдайда хұқылық көмек беруге арналған шаралар қолданып, кеңес беріп, жан-жақты көмек көрсетеді.

Консулдық лауазымды адам өзі қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындарына сонда тұрақты немесе уақытша тұратын із-түзсіз жоғалып кеткен азаматтарын іздеуде көмек көрсетуін өтіне алады.

Консул қызмет ететін елдің мемлекеті өзіне өкілеттік берген елдің азаматының өз консулымен кездесуін, консулдыққа кіруін шектеуге тиіс емес.

2. Егер консулды тағайындаған елдің азаматы ұсталып, тұтқындалып, әйтпесе басқа да түрде бас еркінен айырылған жағдайда консулдық округтік құзырлы өкімет орындары бұл жөнінде консулға 7 күн ішінде хабарлауға тиіс.

3. Консулдық лауазымды адам тұтқындалған, басқаша жағдайда ұсталған немесе еркінен айыру арқылы жазалау орнында жүрген өзіне өкілеттік берген елдің азаматымен кездесуге, қатысуға хақылы. Консул қызмет ететін округтің құзырлы өкімет орындары ол мәлім еткеннен

кейін 3 күн ішінде оның ұсталған, тұтқындалған адаммен кездесуін ұйымдастырады.

4. Осы баптың I, 3 тармақтарының ережелеріне сәйкес консул қызмет ететін елдің құзырлы өкімет орындары ұсталған, тұтқындалған, бас еркінен айырылған азаматқа оның хұқылары туралы мәлімдеуге тиіс.

5. Осы бапта көрсетілген хұқылық ереже консул қызмет ететін елдің заңдары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс, алайда айтылған заңдар мен ережелер бұл хұқыларды жоққа шығармауы керек.

### I3 - бап

#### Қамқоршы мен қорғаушылар тағайындау

1. Консул қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындары тиісті хабар алған жағдайда консулға оны тағайындаған мемлекеттің сол жерде тұрақты тұратын азаматтарына қамқоршы мен қорғаушы тағайындауды баяндай алады.

2. Консулдық лауазымды адам осы баптың I тармағында көрсетілген ережеге сәйкес өзі қызмет ететін елдің құзырлы өкімет орындарымен бұл мәселе жөнінде бірлесе іс-қимыл жасап, қажет болған жағдайда өзі қызмет етуге келген елдің заңдарына сәйкес қорғаушы мен қамқоршы тағайындайды.

3. Егер сот және басқа да құзырлы өкімет орындары ұсынылған қамқоршы мен қорғаушының кандидатурасының әлдебір себептермен жарамсыз деп талқан жағдайда, консулдық лауазымды қызметкер басқа кандидатура ұсынады.

### I4 - бап

#### Консулды тағайындаған мемлекеттің азаматтық өкілеттігі

Консулды тағайындаған елдің азаматы ол қызмет ететін мемлекетке өз праволары мен мүдделерін қорғай алмайтын жағдайда консул ерекше сенім құжатын қажет етпей-ақ сол азаматты сот және басқа да құзырлы мемлекеттік орындарда қорғайды.

Аталған азамат өз өкілін тағайындағанша, өзін өзі қорғауға кіріскенге дейін консул бұл бағытта шаралар қолдана береді.

## 15 - бап

### Мұралық мүліктерді қорғау жөніндегі шаралар

1. Тиісті хабар алған жағдайда консул қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындары мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде оны өзін тағайындаған елдің азаматының қайтыс болуы туралы хабардар етеді. Консулдың өтініші бойынша ол азаматтың қайтыс болғандығы туралы куәлік немесе қайтыс болғандығын растайтын басқа да құжаттар береді.

2. Егер консулды тағайындаған мемлекеттің азаматы консул қызмет ететін мемлекетте қайтыс болып, оның мұралық мүлкі қалған жағдайда сол жердің мемлекеттік құзырлы орындары консулдық мекемені мұралық мүліктің құрамы, мұрагерлер, мұрадан бас тартқандар туралы және мұралық өсиет хаттың бары немесе жоғы жайлы қысқа мерзім ішінде хабардар етеді.

3. Консулдық лауазымды қызметкер мемлекеттік құзырлы органдарға қайтыс болған кісінің мұралық мүліктерін хаттау және бекітуге қатысуға өтініш білдіруге хұқылы.

4. Егер консулды тағайындаған мемлекеттің адамы консул қызмет ететін мемлекетте қайтыс болған жанның мұрагері болып табылса, ол азаматтың қай жерде екеніне қарамастан мемлекеттік құзырлы өкімет орындары консулдық мекемеге мұрагерлік туралы барлық мән-жайды баян етуге тиіс.

5. Консулдық лауазымды қызметкер өзін тағайындаған мемлекеттің азаматына өзі қызмет еткен мемлекеттегі оған тиісті мұрагерлік мүліктерді соттан, өкімет орындарынан немесе жекелеген азаматтардан қабылдап, сақтап, тиісті жеріне қайыруы керек.

6. Егер консулды тағайындаған елдің консул қызмет ететін мемлекетте уақытша тұратын азаматы қайтыс болып, сол елде туыстары немесе өкілдері жоқ болған жағдайда консул оның мұрагерлік мүліктерін алып, сақтап, тиісінше қайыруға міндетті.

## 16 - бап

### Консулды тағайындаған мемлекеттің кемесіне көрсетілетін көмектер

1. Консулдық лауазымдық қызметкер өзінің консулдық округінің шеңберінде өзі қызмет ететін мемлекеттің ішкі және территориялық суларында жүзген елінің кемесіне, оның капитанына экипаж мүшелеріне көмек көрсетуге тиісті, оның ішінде:

1/ Кемеңің бортына көтеріліп, кеме, жүктер, жүзу себептері жайлы капитанның баяндамасын тыңдай алады, капитан және экипаж мүшелері консул мен жағалауға рұқсат берген кезде ғана кездесе алады

2/ өзі қызмет ететін елдің құзырлы өкімет орындарының хұқына нұқсат келтірмей, кеме жүзген кезде болған оқиғаларды тексере алады;

3/ өзі қызмет ететін елдің құзырлы өкімет орындарының хұқына нұқсан келтірмей, капитан мен экипаж мүшелері арасындағы дау-дамайды шешеді;

4/ қажет болған жағдайда капитанның немесе экипаж мүшелерінің ауруханада емделуіне көмек көрсетеді;

5/ кемеге байланысты құжаттарды қабылдайды, тексереді, растайды және тиісті жерге табыс етеді;

6/ шетелдерден кеме сатып алған жағдайда ол кемеге өз елінің туы астында жүзуі үшін уақытша рұқсат куәлігін береді.

2. Осы бапқа байланысты міндеттерді орындау барысында консулдық лауазымды адам өзі қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындарынан көмек сұрауға хұқылы.

#### 17 - бап

#### Консулдық тағайындаған мемлекеттің кемесіне жасалған еріктен тыс әрекеттерден қорғау шаралары

1. Егер консул қызмет еткен мемлекеттің сот және басқа да құзырлы өкімет орындары консулдық тағайындайтын елдің кемесіне байланысты еріктен тыс әдеттер жасап, немесе ресми тергеу жүргізген жағдайда, олар консулдық мекемені алдын-ала хабардар етеді. Бұл жағдайда консул немесе оның өкілі кемеге байланысты қолданылатын іс-әрекеттерге куә болып, қатысуы тиіс. Егер консулдық алдын ала хабардар ету мүмкін болмаған жағдайда ол қызмет ететін жердің құзырлы өкімет орындары кемеге қолданылған шаралар туралы консулға қысқа мерзім ішінде толық ақпарат береді. Осы баптың I тармағының ережелері консулдық қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындарының кеме капитаны мен экипаж мүшелеріне шара қолдануына да қатысты.

3. Бұл баптың I тармағының ережелері консулдық қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындары жүргізетін паспорттық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты емес.

4. Сонымен қатар капитанның немесе консулдық лауазымды қызметкердің өтініші бойынша консулдық қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындары кемеңің ішкі істеріне де араласа алады.

## 18 - бап

### Консулды тағайындаған мемлекеттің апатқа ұшыраған кемесіне көмек көрсету

1. Егер консулды тағайындаған мемлекеттің кемесі апатқа ұшырап, қайранға отырып немесе басқа да зақым алғанда консул қызмет ететін елдің құзырлы орындары бұл туралы оған хабар береді, сондай-ақ адамдарды, кемеңі, жүктерді почтаны сақтауға байланысты атқарылатын шаралар жайлы баяндайды. Консул қызмет ететін елдің құзырлы өкіметі оның кемеңің апатқа ұшырауына байланысты атқарылатын шараларына қажетті көмек көрсетеді.

2. Консулдық лауазымды қызметкер апатқа ұшыраған кемеге, оның экипажы мен жолаушыларына көмек көрсету үшін шаралар қолданып, бұл жөнінде өзі қызмет етіп жатқан мемлекеттің өкіметіне өтініш жасай алады.

3. Егер апатқа ұшыраған кеме немесе оның жүктері консул қызмет ететін мемлекеттің жағалауына жақын жерден табылып, кеме капитаны, иесі, кеме компаниясының өкілі, сақтандыру агенті жоқ болған жағдайда мемлекеттік құзырлы өкімет орындары бұл туралы мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде консулға хабар жеткізеді.

Консулдық лауазымды қызметкер өзін тағайындаған мемлекеттің атынан айрықша сенім хатсыз-ақ апатқа ұшыраған кеме және оның мүліктерін қабылдай алады.

4. Егер зақым алған кемеңің жүктері, ондағы азық-түліктер консул қызмет ететін мемлекетте сатуға немесе пайдалануға арналмаған болса, одан кедендік салық алынбайды.

## 19 - бап

### Консулдық тағайындаған мемлекеттің әуе кемелері туралы ережелер

Осы Келісімнің 16, 17, 18 баптарының ережелері консул тағайындаған мемлекеттің әуе кемелеріне де қатысты.

## 20 - бап

### Консулдық салымдар

Консулдық мекеме өзін тағайындаған мемлекеттің заңдарына сәйкес өзі қызмет ететін мемлекеттің территориясында консулдық салымдар жинауы мүмкін.

## 21 - бап

### Консулдық округтің шеңберінде және одан тыс жерлерде консулдық міндеттерді атқару

Консулдық лауазымды адам консулдық міндеттерін тек қана өзінің округінде орындайды. Алайда қызмет ететін мемлекеттің рұқсат етуімен консулдық міндеттерді басқа жерлерде де орындауы мүмкін.

## 22 - бап

### Консул қызмет ететін мемлекеттің өкіметімен қарым-қатынас

Консулдық лауазымды қызметкер өз міндеттерін орындау барысында өзі қызмет ететін мемлекеттің заңдарының, ережелерінің, әдет-ғұрыптарының шеңберінде консулдық округтің, сондай-ақ сол мемлекеттің орталық құзырлы органдарына етініш жасай алады.

## 23 - бап

### Консулдық міндетті дипломатиялық өкілдің атқаруы

1. Консулды тағайындаған мемлекеттің дипломатиялық өкілдігі консул қызмет ететін мемлекеттің сыртқы істер министріне консулдың қызметін атқаратын дипломатиялық персоналдың мүшелерінің толық аты-жөні, тегі, қызметі және дипломатиялық рангі туралы хабарлайды.

2. Тағайындаған елдің қызмет ететін елдегі дипломатиялық өкілдігінің консулдық міндеттерді атқару жүктелген дипломатиялық персоналының мүшелеріне осы Келісімде көрсетілген хұқылар мен міндеттер қатысты.

3. Консулдық міндеттер жүктелген дипломатиялық персоналдың мүшелері өздерінің статусына сай артықшылықтар және иммунитеттермен пайдаланады.

## IV БӨЛІМ

### Артықшылықтар мен иммунитеттер

#### 24 - бап

#### Консулдық мекеменің міндеттерін атқаруына жағдай жасау

Консулдық мекеме қызмет ететін мемлекет оның өз міндеттерін атқаруына барлық жағдайлар жасайды. Мемлекет консулдық мекеменің қызметкерлерін қорғайды және олардың өз міндеттерін ойдағыдай атқарып, осы келісімде көрсетілген артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануға бағытталған барлық шаралардың жүзеге асуына ат салысады.

#### 25 - бап

#### Консулдық ғимараттар мен тұрғын үйлер

1. Тағайындаған мемлекет өзінің консулдық мекемесі үшін ол қызмет ететін елден ғимарат және қызметкерлер үшін тұрғын үйлерді меншікке және арендаға алып немесе салуды жүзеге асырады. Бұл ереже консулдық мекемеде қызмет ететін сол елдің жергілікті азаматтарына қатысты емес.

2. Консулдық орналасқан ел оған осы баптың I тармағының ережелеріне сәйкес ғимараттар мен тұрғын үйлер алуына көмектеседі.

3. Осы баптың I тармағының ережелері консулдық тағайындаған мемлекетті консул қызмет ететін мемлекеттің қала құрылысы, жоспарлауы және тағы басқа заңдарын сақтаудан босатпайды.

#### 26 - бап

#### Мемлекеттік ту және елтаңбаны пайдалану

1. Тағайындаған мемлекеттің өзінің консулдық мекемесінің үйіне өз мемлекеті және консул қызмет ететін мемлекеттің тілдерінде жазыл-

ған тақтайша, мемлекеттік елтаңбаны, туын ілуге хұқысы бар.

2. Тағайындаған мемлекет өзінің консулдық мекемесінің үйіне, консулдық мекеменің жетекшісінің резиденциясына, оның автокөлігіне өзінің мемлекеттік туы мен жалаушаларын іле алады.

3. Осы бапта көрсетілген ережелерді орындау кезінде консул қызмет ететін заңдары, ережелері мен әдет-ғұрыптары сақталады.

## 27 - бап

### Консулдық ғимараттар мен консулдық лауазымды қызметкерлердің тұрғын үйлерінің дербестігі

1. Консулдық ғимараттарға қол сұғуға болмайды. Консул қызмет ететін елдің өкіметі оған консулдық мекеменің немесе сол елдегі дипломатиялық өкілдіктің жетекшісінің рұқсатынсыз кіре алмайды.

2. Егер де консулдық ғимараттан өрт шығып, немесе басқа да табиғи апаттар болғанда оған кіруге жергілікті өкіметке қысқа мерзім ішінде рұқсат берілуі тиіс.

3. Консулдық мекеме қызметкерлерінің көлігін тінтуге, ұстауға болмайды.

4. Консул қызмет ететін елдің мемлекеті консулдық ғимараттарды қорғауға, консулдық мекеме қызметкерлерінің тыныштығын сақтауға бағытталған шаралар қабылдауға міндетті.

5. Осы баптың I, 4 тармағының ережелері консулдық лауазымды қызметкерлерінің тұрғын үйлеріне де қатысты.

## 28 - бап

### Консулдық мұражайдың дербестігі

Уақытына және тұрған орнына қарамастан консулдық мұражайларға қол сұғуға болмайды.

## 29 - бап

### Қарым-қатынас еріктігі

1. Консулдық қызмет ететін мемлекет консулдық мекеменің қызметкерлеріне қарым-қатынасты еркін беруге тиіс. Үкімет пен дипломатия-

лық өкілдіктер және басқа да консулдық мекемелермен қатынас жасаған кезде ол байланыстың барлық түрін қолдана алады. Радиобайланысын консулдық мекеме өзі тұрған мемлекеттің рұқсатымен орнатады.

2. Консулдыңтың ресми құжаттарына тиісуге болмайды. Консулдық вализаны ашуға немесе ұстауға болмайды. Консулдық вализа мерленіп, өзінің характеріне байланысты сәйкес сыртқы белгілері бар болып келетін ресми құжаттардан ғана тұруы қажет.

3. Консулдық курьері консулдыңты тағайындаған елдің азаматы болып, консулдық мекеме тұрған жерде тұрақтап тұрмауы қажет. Оның жеке басын куәландырған құжаты болады. Консулдық тұрған мемлекеттің территориясында дипломатиялық курьерлер қолданатын артықшылықтары мен иммунитеттерді пайдалана алады.

4. Консулдық вализа консулды тағайындаған мемлекеттің кемесінің капитанына немесе әуе кемесінің командиріне сеніп тапсырылады. Мұндай кісілердің ресми құжаты болуы қажет. Жергілікті жердің өкіметімен келісуге байланысты консулдық лауазымды қызметкер өз елінің кеме капитаны мен әуе кемесінің командиріне тікелей тапсырады.

### 30 - бап

#### Қатынас еріктігі

Консулдық мекеменің қызметкерлеріне қатынас жабылған аудандардан басқа өз округінің территориясында емін-еркін жүріп-тұруына рұқсат етіледі.

### 31 - бап

#### Консулдық лауазымды қызметкерлердің дербестігі

Консулдық лауазымды қызметкерлер дербестікке ие. Оларды қай түрде болмасын ұстауға немесе тұтқындауға болмайды. Консулдық қызмет етіп жатқан мемлекеттің өкіметі консулдық мекеме қызметкерлерінің жеке басының қауіпсіздігін, еркіндігін және адамгершілігін сақтауға байланысты шараларды атқаруға міндетті.

### Юрисдикциядан туатын иммунитет

1. Консулдық лауазымды адамдар мынандай жағдайлардан басқа кезде қылмыстың, азаматтық әкімшілік юрисдикциясына /өзі қызмет ететін мемлекеттің/ пайдалана алады;

1/ өз мемлекеті атынан тікелей және жанама әрекет жасамаған кезде консулдық лауазымды қызметтердің жасаған шартынан туатын мәселелер жөнінде;

2/ консулды тағайындаған мемлекеттің кемесі, әуе кемесі, көлік жабдығы жасаған апатқа байланысты үшінші адамның шығынды қайтаруы туралы өтініші болған жағдайда;

3/ консулдық мекемеге байланысты мақсаттарға пайдаланбаған жағдайда жеке адамның мүлкіне қол сұққанда;

4/ жеке кісі ретінде қорғаушы ролін атқарған жағдайда;

5/ өзінің міндетінен тыс коммерциялық және басқа да кәсіби қызметтерді атқарғанда.

2. Осы баптың I тармағында көрсетілген шараларға байланысты қимыл-әрекет жасағанда консулдық лауазымды адамдардың және олардың тұрғын үйлердің дербестігіне нұқсан келмеуге тиіс.

3. Консулдық мекеменің қызметкерлері өздері қызмет ететін мемлекеттің қылмыстық, азаматтық, әкімшілік юрисдикциясына жатпайды. Бұл олардың ресми қызметіне байланысты.

4. Сот органдары айыбын мойындамағанға дейін немесе соттың үкімінің күші кіргенге дейін консулдық мекеменің қызметкерлерін тұтқындауға, бас еркінен айыруға жатпайды.

Консулдық мекеменің қызметкерлерін тұтқындап немесе ұстаған жағдайда жергілікті жердің құзырлы өкімет орындары бұл жайлы консулдық мекемеге тез хабар беруі тиіс.

### Куәгерлік көрсетулер

1. Консулдық лауазымды адам куәлік көрсетулер беруге міндетті емес.

2. Консулдық мекеменің қызметкері консулдық тұрған мемлекеттің соттарына басқа да мемлекеттік құзырлы орындарына куә ретінде шақырылуы мүмкін. Алайда оның қызмет бабына байланысты жағдайлар туралы куәлік бермеуіне хқы бар Жалпы консуллық мекеменің

қызметкеріне орай қандай да болмасын еркінен тыс қимыл қолдануға болмайды.

3. Консулдық қызмет ететін мемлекеттің консуллықтың қызметкерінен куәлік алу қажет болған жағдайда оның негізгі қызметіне бөгет жасалынуы тиіс емес. Консулдық мекеменің қызметкері өзінің куәгерлік жауабын қызмет орнында немесе пәтерінде бере алады, әйтпесе жазбаша түрде беруі мүмкін.

#### 34 - бап

##### Әскери және еңбек етуге міндеттіліктен босату

Консулдық мекеменің қызметкерлері өздері тұрған мемлекеттің таралынан әскери, еңбек етуге міндеттіліктен босатылады. Олар сондай-ақ шетелдік азаматтарды тіркеуге арналған тұруға рұқсат етуге байланысты шешімдер алудан, міндетті еңбек ету тағы басқа заңдарды орындаудан босатылады.

#### 35 - бап

##### Консулдық мекемені салық төлеуден босату

1. Барлық түрде иесі немесе жалдаушысы мемлекет әйтпесе мемлекеттің атынан әрекет жасайтын адам болып табылатын консулдық ғимараттар мен консулдық мекеменің қызметкерлерінің тұрғын үйлері оларды сатып алуға байланысты жасалған алыс-беріс құжаттары мемлекеттік, аудандық және муниципалдық салықтардан, салымдардан босатылады.

2. Консулдық мақсаттарға арналған және оның қарауындағы пайдаланылып келген мүліктер де салықтар мен салымдардан босатылады.

Бұл ереже консулдық мақсатқа байланысты мүлік сатып алған жағдайға да қатысты.

3. Консулдық мекеменің консулдық қызмет ететін мемлекеттің территориясында жинайтын салымдары салықтардан босатылады.

4. Осы баптың 1, 2 тармағының ережелері:

1/ белгілі бір қызмет көрсету кезінде алынған ақыға;

2/ тағайындаған мемлекеттің адамы консулдық қызмет ететін мемлекеттің заңына сәйкес алыс-беріс келісімін жасағанда алынатын салыққа жатпайды.

## 36 - бап

### Консулдық мекеменің қызметкерлерін салық салудан босату

1. Консулдық мекеменің қызметкерлері мемлекетті, жергілікті және муниципалдық салықтардың барлық түрлерінен босатылады, бірақ ол мына жағдайларға қатысты болмайды:

- 1/ товар мен қызмет көрсетудің құнына қосылатын жанама салықтар;
- 2/ консулдық қызмет ететін мемлекеттің территориясындағы жеке мүліктер;
- 3/ мұражайлық мүлікке салынатын салықтар;
- 4/ жеке кірістерге салынатын салықтар;
- 5/ белгілі бір қызмет көрсету түріне байланысты салықтар;
- 6/ тіркеуге, соттық және реестрлік салымдарға байланысты салықтар.

2. Консулдық мекеменің консулдық қызмет ететін мемлекеттен алатын жалақысы салық салуға жатпайды.

## 37 - бап

### Кедендік салықтар мен кедендік бақылаудан босату

1. Консулдық қызмет жасайтын мемлекет сақтау, жеткізу және басқа да осындай қызметтерді қоспағанда, мына жағдайда кедендік салықтар алмайды.

1/ Консулдық мекеменің қызмет бабында пайдалануға арналған заттарынан;

2/ консулдық лауазымды адамдардың жеке пайдалануына арналған заттардан;

3/ консулдық мекеменің үй-мүлкінен.

2. Осы баптың I бөлімінің 2, 3 тармақтарында көрсетілген заттар тұрмыста негізінен пайдаланатын көлемнен аспауға тиіс.

3. Консулдық лауазымды қызметкердің жеке жүктері кедендік бақылауға алынбайды. Консулдық қызмет ететін мемлекеттің құзырлы өкімет орындары сенімсіздік білдірген жағдайда ғана ол тексеруге жатады. Тексеру консулдық лауазымды қызметкердің немесе оның өкілінің қатысуымен өткізіледі.

38 - бап

Консулдық мекеме қызметкерінің  
мұрагерлік мүліктері

Консулдық мекеменің немесе оның отбасы мүшесінің қайтыс болған жағдайында:

1/ оның сол мемлекетке қызмет етуге келген кезінде алған және шығаруға тыйым салынған мүліктен басқасының бәрін алып кетуге рұқсат етіледі;

2/ консулдық мекеменің қызметкері немесе оның отбасының мүшесі қайтыс болған жағдайда қалған мұрагерлік мүлкінен мемлекеттік, аудандық және муниципалдық салық алынбайды.

39 - бап

Консулдық мекеменің қызметкерлерінің отбасы  
мүшелерінің артықшылықтары  
мен иммунитеттері

Консулдық лауазымды қызметкерлердің және консулдың басқа да қызметкерлерінің отбасы мүшелері осы Келісімнің 40 бабының 2 тармағында келтірілгеннен басқа көрсетілген консулдық лауазымды қызметкерлер мен консулдық мекеменің басқа да қызметкерлері пайдаланатын артықшылықтары мен иммунитеттерге ие.

40 - бап

Артықшылықтар мен иммунитеттермен  
пайдаланбайтын адамдар

1. Сол мемлекеттің тұрғыны немесе азаматы болып табылатын консулдық мекеменің қызметкерлері 33 баптың 3 тармағында көрсетілген жағдайдан басқа осы Келісімде белгіленген артықшылықтар және иммунитеттермен пайдаланбайды.

2. Сол мемлекеттің тұрғыны немесе азаматы болып табылатын консулдық мекеменің отбасы мүшелері де артықшылықтар және иммунитеттермен пайдаланбайды.

3. Жеке үй қызметкерлері осы Келісімнің ережелерінде көрсетілген артықшылықтар және иммунитеттермен пайдаланбайды.

#### 41 - бап

##### Артықшылықтар және иммунитеттерден бас тарту

1. Консулдық қызмет ететін мемлекет консулдық мекеменің қызметкерлері пайдаланатын осы Келісімнің 32, 33 баптарында көрсетілген артықшылықтар мен иммунитеттерден бас тартуы мүмкін. Ол жайлы консулды тағайындаған мемлекетке жазбаша түрде мәлімделеді.

2. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес консулдық мекеме қызметкерінің сотта іс қозғаған жағдайында ол негізгі іске байланысты қарсы талап етудегі артықшылықтармен пайдаланбайды.

3. Юрисдикциядан туатын иммунитеттерден бас тарту сот шешімін орындаудан бас тартуға негіз емес. Бұл жағдайда жазбаша мәлімдеме жасалады.

#### 42 - бап

##### Келген мемлекеттің заңдары мен ережелерін құрметтеу

1. Осы Келісімге байланысты артықшылықтар мен иммунитеттер берілген барлық адамдар өздерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне нұқсан келтірмей, өздері келген мемлекеттің көлікжабдықтары және оларды сақтандыру жөніндегі заңдарын қоса, барлық заңдар мен негіздерін орындауға міндетті. Олар келген мемлекетінің ішкі істеріне қол сұқпауға міндетті.

2. Тағайындаған мемлекеттің консулдық мекемесінің қызметкері өзінің ресми міндеттерінен басқа ешқандай да кәсіби немесе коммерциялық қызметпен айналыспауға тиіс.

#### Ү БӨЛІМ

##### Қорытынды ережелер

#### 43 - бап

Осы Келісімді ратификациялау, оның күшіне енуі  
және күшін жоюы

1. Бұл Келісім ратификациялауға жатады. Ратификациялық грамоталармен алмасу рәсімі Алматы қаласында өткізіледі. Келісім ратифи-

қациялық грамоталарды алмастырғаннан кейін 30 күні өз күшіне енеді. Бұл Келісім Келісуші Жақтардың бірі екінші Келісуші Жақты жазбаша түрде оның күшін жоятыны туралы мәлімдегеннен кейін 6 ай ішінде өз күшін сақтайды.

Пекинде 1992 жылғы тамыздың 10 күні әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, үш текстің де күші бірдей.

Қытай Халық Республикасы  
үшін

Қазақстан Республикасы  
үшін